



# Ақмешіт

20 мамыр  
сенбі

№40 (1947)

2023 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Қызылорда қаласында Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі Асқар Жұмалдаевтың жұлдісіне арналған халықаралық жас математиктер байқауы ұйымдастырылды. Білімділер бәсекесіне физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, академик Асқар Жұмалдаев арнайы келіп, алдымен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қабылдауында болды.

## АКАДЕМИК АТЫНДАҒЫ БАЙҚАУ



Өңір басшысы аймаққа арнайы келген конкурстың қазылар алқасының төрағасы Асқар Серкұлұлымен кездесіп, білім бәсекесінің жоғары деңгейде өтуіне тілектестік білдірді.

Ең алдымен байқаудың жоғары деңгейде өтуіне қолдау білдіріп, атсалысып жүрген сізге және «Қазақстан Математика пәні мұғалімдері қауымдастығына» шынайы ризашылығымызды білдіреміз. Байқауға еліміздің, сондай-ақ көршілес мемлекеттердің жастарын қатыстыруға мүмкіндік жасау туралы ұсынысыңызға сәйкес 2019 жылы тұңғыш рет халықаралық деңгейде өтті. Ал бытыр белсенді жастармен кездесу кезінде байқауды облыстық деңгейде және халықаралық сипатта өткізу туралы шешім қабылдадым. Бүгінгі міне, сайдың тасындай іріктелген дарынды жастар Сыр өңірінде ұйымдастырылған білімділер додасына жиналды. Бұл дода жастардың білімін шыңдауға, өзара достық қарым-қатынас орнатуға зор септігін тигізеді деп сенемін, – деді облыс әкімі.

Академик Асқар Жұмалдаев облыс әкіміне іс-шараны өткізуге қолдау көрсеткені үшін алғыс айтып, туған жеріне деген ыстық ықыласын білдірді.

## ИНФЛЯЦИЯНЫ ТӨМЕНДЕТУДІҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Биылғы 4 ай қорытындысымен ел экономикасы 5 пайызға өскен. Апта басында өткен Үкімет отырысында баяндама жасаған Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров сандарды сөйлетті. Елде инвестиция тарту да қарқынды екені байқалған. Бұл мақсаттағы үздік көрсеткішке жеткен өңірлердің қатарында Қызылорда облысы бар.



Сурет ашық дереккөзден алынды

Министрдің мәлімдеуінше, негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсу қарқыны 18%-ды құрады. Атап айтқанда, көлік және қоймалау – 39,3%, ауыл шаруашылығы – 26,5%, жылжымайтын мүлікпен операциялар – 10%, сондай-ақ өнеркәсіп – 18,1%, оның ішінде тау-кен өндіру – 17,3% және өңдеу – 7%

инвестиция тарту деңгейі өсіп отыр. Өңірлік тұрғыда үздік көрсеткіштер Түркістан (+60,4%), Маңғыстау (+46%), Қызылорда (+42,1%) және Батыс Қазақстан (+34,6%) облыстарында байқалады.

Алдын ала жасалған қорытындыға сәйкес қаңтар-наурыз айларында сыртқы сауда айналымы

13,4%-ға өсіп, \$32,7 млрд-ты құрады. Экспорт \$18,7 млрд-қа жетті, өңделген тауарлардың экспорты 8,1%-ға өсіп, \$5,9 млрд-қа жетті. Жалпы есепті кезеңдегі оң сауда балансы \$4,8 млрд-ты құрады.

2 БЕТТЕ

## Бұл көше жаңа кейіпке енеді

Жылда көктем басталысымен құрылысы қыза түсетін қаланың биылғы қарқыны жоғары. Биыл қалада ірі жобалар жүзеге асып, соның аясында бірқатар нысан бой көтереді. Бүгінде шаһардағы құрылыс жұмыстары қызу.

Облыс орталығындағы жалпы ұзындығы 4,2 шақырым болатын Бейбарыс сұлтан көшесіне қайта жаңғырту жұмыстары ақпан айында басталған еді. Жоспар бойынша мұнда ені 3,5 метр болатын 4 және 6 жолақты жол салынады. Назарбаев даңғылынан бастап Құмкөл трассасына дейінгі аумаққа 4 жолақты жолдың құрылысы жүруде. Қазіргі таңда бұл аралықта реконструкциялау жұмыстары жалғасуда. Қайта жаңғыртылған көше бойына заманауи жарық шамдар мен аялдамалар орнатылып, жаяу жүргіншілер жолы салынады. Жол құрылысына «УАД» ЖШС жауапты. Құрылыстың сапалы әрі уақыттылы орындалуын тиісті мекемелер тұрақты бақылауға алған.

4 БЕТТЕ



Соңғы жылдары тасбөгеттіктердің мемлекеттік бағдарламаға қатысу қарқыны артып келеді. Биыл да тұрғындарға мемлекеттік бағдарламалардың игілігін пайдалануға кеңес берілуде. Нәтижесінде ұлттық жоба аясында жыл басынан бері 20 тұрғын Қызылорда «Өңірлік инвестиция орталығы» микроқаржы ұйымы арқылы өз жобаларын қорғап, 120,4 млн теңге көлемінде қаржылай қолдау тапқан.

## ЖЫЛЫЖАЙ ӨНІМ БЕРДІ



Сондай-ақ 400 АЕК көлеміндегі қайтарымсыз гранттың 1-ші легі бойынша 9 азамат жалпы сомасы 12 млн 420 мың теңгеге қол жеткізді. Қазіргі уақытта жанадан кәсіп ашықсы келетін немесе кәсібін кеңейтуге ниет білдіруші 100-ге жуық тұрғын бағдарлама шеңберінде өз жобаларын ұсынуда.

Айта кету керек, 2022 жылы Тасбөгет кентіне 2,6 млрд теңге инвестиция тартылса, биыл бұл көрсеткіш 3 млрд теңгеден асып отыр.

Аталған бағдарлама аясында кент тұрғыны Асылхан Оңалбаев жылыжай кешені

жобасына 5 млн теңге қаржылай қолдау алған еді. Жеке кәсіпкер «Оналбаев» иелігіндегі нысан сәуір айынан бастап алғашқы өнімін бере бастаған. Кәсіп иесінің айтуынша, жалпы ауданы 500 шаршы метр шағын жылыжайға әзірге кияр, қызанақ, бұрыш, көшеттер етіп, өсіріп баптауда. Егер жақсы өнім беріп, тұтынушы қызығушылығын арттыра алса, кәсібін одан әрі кеңейтіп, өнім түрін де көбейтпек.

Жаңа іс бастауға жүрексіңбей, тәуекелге бел буып, білек сыбана кіріскен азаматтың еңбекқорлығына риза болып, қолға алған үлкен жұмысына біз де сәттілік тіледік.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

Биыл «Болат Өтемұратов қорының» демеушілігімен Сыр өңірінде Қорқыт ата әуежайының жаңа терминалының құрылысы жүргізілуде. Аумағы 3,9 гектар болатын жаңа әуежай құрылысының жобасы 33 миллион АҚШ долларын құрайды.

## ЕРЕКШЕ СТИЛЬДЕГІ ӘУЕЖАЙ

Заманауи үлгіде салынып жатқан нысанда халықаралық стандартқа сай жолаушыларға барлық жағдай жасалады. Жоспар бойынша әуежай келер жылдың мамыр айында ел игілігіне берілімек.

– Жаңа әуежай терминалының құрылысы биыл ақпан айында басталды. Қазіргі таңда нысанның құрылыс жұмыстары жоспарға сай орындалуда. Ауқымды жобаға тапсырыс беруші – «Болат Өтемұратов қорының» қаржыландыру есебінен «Accent Development Solutions» ЖШС. Ал жобаның бас мердігері – «Elite Insaab» және «Ava Construction» ЖШС мекемесі. Бұл әуежай терминалы Қызылорда облысының экономикалық және инвестициялық жағдайын көтеруге оң әсерін тигізеді деп ойлаймыз. Әуежай көлемі – 7,5 мың шаршы метр болса, терминалдың өзі 2 қабатты. Сондай-ақ бұл нысанда жолаушыларға жоғары сапалы қызмет көрсету үшін соңғы үлгідегі құрал-жабдықтармен жабдықталады. Жалпы жаңа әуежай терминалы сағатына 250 жолаушыны қабылдауға қауқарлы. Сонымен қатар

мұнда халықаралық және жергілікті рейс қатынайды, – дейді Болат Өтемұратов қорының жоба жетекшісі Абай Нұрмұханов.

Әуежай терминалының құрылыс жұмысын жүргізуге 300 адам жұмыспен қамтылмақ. Сондай-ақ жаңа ғимарат пайдалануға берілген соң онда 64 адам тұрақты жұмыспен қамтылады деп жоспарлануда.

Жоба меңгерушісі Алтай Өздемірдің айтуынша, жаңа жолаушылар терминалы ерекше архитектуралық стильде бой көтереді. Екі қабаттан тұратын ғимараттың бірінші қабатының биіктігі – 8 метрді, ал екінші қабаты – 6 метрді құрайды. Ғимараттың қаңқасы металл құрылымдарымен жабдықталған. Бұдан бөлек, жаңа әуежай терминалында тіркеу орнының аймақтары, жалпы күту залы, билет кассаларының дүңгіршектері, қоғамдық тамақтану орындары, дербес тіркеу орны, намазжай, ана мен бала бөлмесі, трансферлік жолаушыларға арналған зал болады.

Мамандар жаңа ғимарат пайдалануға берілген кезде көлік саласының көрсеткіштері бірнеше есе артатынын айтады.

«Ақмешіт-ақпарат»



## БАЛАҒЫЗДЫҢ ОЙЫНШЫҒЫ ҚАУІПСІЗ БЕ?

4 БЕТТЕ



# ИНФЛЯЦИЯНЫ ТӨМЕНДЕТУДІҢ ЖОЛЫ ҚАНДАЙ?

Премьер-Министрдің орынбасары – қаржы министрі Ерұлан Жамаубаевтың айтуынша, соңғы төрт айда мемлекеттік бюджетке 6,1 трлн теңге кіріс түскен, жоспар 104,6% орындалған. Атап айтқанда, республикалық бюджет 4 трлн теңгеге, жергілікті бюджеттер 2 трлн 123 млрд теңгеге толықты. Барлық өңірлер бойынша кіріс жоспарлары асыра орындалды. Осы кезеңде мемлекеттік бюджет шығыстары 98,6%-ға, республикалық бюджет 99%-ға, жергілікті бюджеттер 98,6%-ға орындалды.

мұнай өңдеу 3%-ға, тау-кен өнеркәсібі 2%-ға өсті. Қызмет көрсету секторы 5%-ға өсті. Бұған сауда, ақпарат, байланыс және көлік салалары оң әсер еткен.

«Тұрақты инвестициялық белсенділік, оның ішінде шикізаттық емес секторларға инвестиция тарту серпінді экономикалық өсімнің басты факторы болып саналады. Тау-кен өндірісін есепке алмағанда, негізгі капиталға салынған инвестициялардың өсуі 18%-дан асты», – деп атап өтті Премьер-Министр.

орайда, ішкі нарықты отандық тауарлармен толықтыруға және шикізаттық емес өнім шығаруға басымдық берілуі тиіс.

Оның айтуынша, іскерлік белсенділікті арттырып, экономиканы сапалы дамыту үшін ішкі және сыртқы инвестицияларды тарту жұмысын жандандыру қажет. Сондай-ақ өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, көлік, логистика, IT, туризм және басқа салаларда жоспарланған инвестициялық жобалар пұлын іске асыруға күш салу қажет.

– Біз негізгі капиталға 18,5 трлн теңге мөлшерінде инвестиция тартуымыз керек, – деді Премьер-Министр.

Үкімет отырысында шағын және орта кәсіпкерлікті барынша қолдау жайы айтылды. Ел экономикасын өрге сүйрейтін негізгі күшке айналуы тиіс кәсіпкерліктің дамуына қолдау жасау маңызды.

«Бизнесі ашуға және жүргізуге барынша жағдай жасап, кәсіпкерлердің проблемаларын жедел шешу қажет. Бұл міндет тиісті министрліктер мен әкімдіктердің тұрақты бақылауында болуы тиіс», – деді Әлихан Смайылов.

Экономикалық саясаттағы басымдықтардың бірі – мемлекеттің экономикадағы үлесін жалпы ішкі өнімнің 14,4%-ына дейін біртіндеп қысқарту. Биыл 2025-ші жылға дейінгі жекешелендірудің кешенді жоспарының 90%-ға орындалуын қамтамасыз ету керек.

Премьер-Министр мұнымен қатар бағаның өсуін тежеуге күш салу қажеттігін атап өтті.

– Біздің мақсатымыз – биыл инфляцияны 2 есеге төмендету. Ол үшін үйлесімді және нақты шұғыл шаралар қажет. Биылғы жылдың сәуір айында инфляция 16,8%-ға дейін баяулады. Өңір әкімдері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын бағасын тұрақтандыру бойынша сапалы жұмысты жалғастыруы керек, – деді Үкімет басшысы.



Премьер-Министр 4 айдың қорытындысы бойынша ел экономикасы жақсы өсу қарқынын көрсетіп отырғанын атап өтті.

– Жалпы ішкі өнім көлемі өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5%-ға ұлғайды. Экономиканың базалық салаларында оң динамика сақталды. Өңдеу өнеркәсібі 5,1%-ға өсті, – деді Әлихан Смайылов.

Сондай-ақ машина жасауда – 36%, оның ішінде автомобиль жасауда – 41%, локомотивтер мен вагондар өндірісінде – 64%, жеңіл өнеркәсіп саласы – 35%, тоқма өндірісінде – 55%, киім-кешек – 8%, былғары өнімінде – 2%, сондай-ақ құрылыс саласында 15%-дан астам орнықты өсім қалыптасып отыр.

Азық-түлік және минералды өнімдер өндірісі 8%-ға, электр энергиясын өндіру 6%-ға ұлғайды. Фармацевтика мен ауыл шаруашылығы 4%-ға,

Басы 1-бетте

«Отбасы» банкі ипотека талаптарын өзгертті. Банктің мәліметіне сүйенсек, енді бұрынғыдай 50/50 немесе 30/70 бағдарламалары аясында бірден жарна құйып, ипотека рәсімдеу шарттары өзгермек. Талап 15 мамырдан бастап күшіне енеді. Әрі осы жаңа өзгерістер аясында несие мөлшерлемесінің пайызы да төмендетілмек.



## «Отбасы» банкі ипотека талаптарын өзгертті

«Егер бұрын ставкалар 7% - дан 11,5% - ға дейін болса, енді ставка 6% - дан 10% - ға дейін болады.

Мөлшерлеме депозитте жинақтау мерзіміне және оны толтыру кезеңділігіне байланысты болады. Егер бұрын депозитте жинақ ақшасы жоқ клиенттер «Отбасы» банкідегі жинақ шотына тұрғын үй құнының 50% салса,

олар бірден 11,5% мөлшерлеменен аралық несие алатын. Бұл ретте бағалау көрсеткішінің (бұдан әрі-ОП) мәні нөлге тең болды. Қазір жинақ ережелері өзгеруде. Несие алу үшін ең төменгі ОП 2,5 болу керек», – делінген ақпаратта.

Яғни банк дерегінен енді азаматтар арнайы есепшот ашып, ондағы бағалау көрсеткішін тиісті межеге жеткізуі тиіс. Содан кейін ғана несие рәсімдей алады.

«ОП 2,5 болу үшін тұрғын үй құнының 50% мөлшерінде депозит толықтырылған сәттен бастап 3 ай өту керек. Содан кейін банк максималды мөлшерлеме бойынша несие береді – несиенің пайызы 10 болады. Ал 30/70 бағдарламасы аясында бағалау көрсеткіші 3,5-ке жетуі тиіс. Ал 2023 жылғы 15 мамырға дейін алдын ала мақұлдау алып алған клиенттер бұрынғы шарттар бойынша несие ала алады», – делінген банк ақпаратында.

Бұл өзгерістер келесі бағдарламаларға әсер етеді: 1. Банктің нарықтық бағдарламалары – бастапқы және қайталама тұрғын үй сатып алу, жер учаскесін сатып алу, тұрғын үйді жеңілдеу және жаңғырту мен құрылыс мақсаттары үшін.

2. «Кейіннен сатып алумен жалға берілетін тұрғын үй» жобасы бойынша кредит беру шарттары, «Өз үйім» бағдарламасы.

3. «Жаңа баспана» (тұрғын үй төлемдерін алушылар үшін).

Қоғам назарын аударған депутат сауалына Денсаулық сақтау министрі Ажар Гиният жауап берді. Министрдің айтуынша, халықтың емделуіне қор есебінен жылына 700-800 млрд теңге жұмсалады. Алайда ақшаны қайтарып беру мүмкін еместігін де атап айтты.

– Әр адам жылына орта есеппен 100 мың теңге МӘМС-ке төлейді. Бір адам жыл ішінде медициналық қызметке мүлдем жүгінбеуі мүмкін. Дегенмен оған ақша қайтарылмайды. Себебі келер жылы ол адамға 1 млн теңге көлемінде ем-шара қажет болуы мүмкін. Мұның барлығы заңнамалық тұрғыдан бекітілген. Бұл жүйе медициналық көмек барлығына бірдей қолжетімді болатындай етіп жасалған, – дейді денсаулық сақтау министрі.

Бетті дайындаған Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Суреттер ашық дереккөзден алынды

## МӘМС: Ауырмағанның ақшасы қайтарыла ма?

МӘМС айналасында айтылар сын көп екені белгілі. Бұл мәселе Мәжіліс қабырғасында да көтерілді. Мәжіліс депутаты Асхат Рақымжанов МӘМС қаржысының қалай жұмсалып жатқаны туралы ақпарат ашық айтпайтынын, кейбір адамдардың жыл сайын МӘМС жүйесіне ақша аударып отырғанымен бұл қаржыны бірде-бір рет пайдаланбайтынын да атап айтты.



Депутаттың пікірінше, азаматтардың ақшасы желге ұшауы тиіс. Тіпті өзгелер үшін ақша төлеуге де міндетті емес. Тіпті жылына бір мәрте медициналық қызметті пайдаланбаған тұрғындарға МӘМС қаржысының жартысын қайтару туралы ұсыныс айтты.

Бас ауырып, балтыр сыздай қалса, МӘМС жүйесі арқылы тегін медициналық қызметтің игілігін көрудің машақаты көп екенін көпшілік жақсы біледі. Кейде тегін тексерілу үшін көп күту қажет екені де шындық. Ал ауырған адамға әрбір минут бағалы екенін өзінен басқа ешкім сезіне алмас. Содан да болар, МӘМС жүйесі сөз бола қалса, көпшілік елеңдей түседі.

Бетті дайындаған Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Экономикалық саясаттағы басымдықтардың бірі – мемлекеттің экономикадағы үлесін жалпы ішкі өнімнің 14,4%-ына дейін біртіндеп қысқарту. Биыл 2025-ші жылға дейінгі жекешелендірудің кешенді жоспарының 90%-ға орындалуын қамтамасыз ету керек.



Қазақстанда кедейлер қатары көбейіп келеді. Ең қиыны жиі несие алатындар да бір кәсіп бастау үшін емес, мұқтаждық үшін қарыз алады екен. Көңілге қаяу түсіретін мұндай хабарды жоғары аудиторлық палата басшысы Наталья Годунова мәлімдеді.

## Несие және кедейшілік

– Біз орталық мемлекеттік органдардың, министрліктердің халықтың өмір сүру сапасына қатысты ұлттық жобаларды жүзеге асыру бойынша жұмысын талдап шықтық. Тұтыну себегі сапасының өзгеруі тиімді емес. Халықтың

«Өсім 0,24% пункт деңгейінде болды. Тұрғын үй сатып алу бағытында халықтың қаражат жинақтау мүмкіндігі төмен. Отандық өндіріс толық қамтамасыз етіп отырған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары жайында атап өткен жөн.



азық-түлік өнімдеріне жұмсайтын шығысы артты, – деді Н.Годунова.

Оның айтуынша, ең төменгі табысы бар адамдар саны біршама көбейді. Қазіргі кезде бұл көрсеткіш жалпы халық санының шамамен 10% құрады.

Яғни 29 негізгі азық-түлік тауарының тек 12-сі ғана өз елімізде халықты толық қамтамасыз етеді, – деді Жоғары аудиторлық палата басшысы.

– Денсаулық сақтау саласына жеке шығындардың деңгейі 30 пайыздан асты. Бұл көрсеткіш әлі де көп деп санаймыз. Себебі денсаулық сақтау саласына республикалық бюджеттен және МӘМС жүйесінен бағытталған шығыстар өсіп жатыр, – деді Н. Годунова.

Апта басында өткен Үкімет отырысында баяндама жасаған Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев кейбір министрліктер мен өңірлердің қаржыны игермегенін мәлімдеді.

Министрдің айтуынша, мемлекеттік бюджет шығысы 98,6%, республикалық бюджет шығысы 99%, жергілікті бюджеттер шығысы 98,6% атқарылған. Республикалық бюджет шығысы 7 трлн теңгені құрады. Ал атқарылмаған сома – 72 миллиард теңге. Оның ішінде 16 миллиард теңге үнемделді. Игерілмегені – 55 млрд теңге.

Сондай-ақ ол бюджет қаржысын игере алмаған министрліктерді атады. «Мәдениет және спорт, ақпарат және қоғамдық даму, экология және табиғи ресурстар, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктері бюджет қаржысын

толық игермеген», – деді Ерұлан Жамаубаев.

Оның айтуынша, бюджет қаржысы мемлекеттік сатып алу конкурстарының ұзақ өткізілуі, орындалған жұмыстардың актілері мен шот-фактуралардың уақытылы ұсынылмауы сынды себептермен игерілмеген болуы мүмкін.

«Жергілікті бюджеттердің шығысы 3,3 трлн теңге болды. Атқарылмағаны – 47 млрд теңге. Биыл өңірлерге 2 трлн теңгеге жуық нысаналы трансферттер көзделген. Оларға 1 мамырға 473 млрд теңге бөлінді. Оның 97%-ы игерілді. Ал игерілмегені – 14 млрд теңге. Бұл ретте Астана және Алматы қалалары, Атырау және Түркістан облыстары қаржыны толық игермеген», – деді Қаржы министрі.

Мемлекеттік бюджет шығысы 98,6%, республикалық бюджет шығысы 99%, жергілікті бюджеттер шығысы 98,6% атқарылған. Республикалық бюджет шығысы 7 трлн теңгені құрады. Ал атқарылмаған сома – 72 миллиард теңге. Оның ішінде 16 миллиард теңге үнемделді. Игерілмегені – 55 млрд теңге.

Мемлекеттік бюджет шығысы 98,6%, республикалық бюджет шығысы 99%, жергілікті бюджеттер шығысы 98,6% атқарылған. Республикалық бюджет шығысы 7 трлн теңгені құрады. Ал атқарылмаған сома – 72 миллиард теңге. Оның ішінде 16 миллиард теңге үнемделді. Игерілмегені – 55 млрд теңге.

Мемлекеттік бюджет шығысы 98,6%, республикалық бюджет шығысы 99%, жергілікті бюджеттер шығысы 98,6% атқарылған. Республикалық бюджет шығысы 7 трлн теңгені құрады. Ал атқарылмаған сома – 72 миллиард теңге. Оның ішінде 16 миллиард теңге үнемделді. Игерілмегені – 55 млрд теңге.

Мемлекеттік бюджет шығысы 98,6%, республикалық бюджет шығысы 99%, жергілікті бюджеттер шығысы 98,6% атқарылған. Республикалық бюджет шығысы 7 трлн теңгені құрады. Ал атқарылмаған сома – 72 миллиард теңге. Оның ішінде 16 миллиард теңге үнемделді. Игерілмегені – 55 млрд теңге.

Мемлекеттік бюджет шығысы 98,6%, республикалық бюджет шығысы 99%, жергілікті бюджеттер шығысы 98,6% атқарылған. Республикалық бюджет шығысы 7 трлн теңгені құрады. Ал атқарылмаған сома – 72 миллиард теңге. Оның ішінде 16 миллиард теңге үнемделді. Игерілмегені – 55 млрд теңге.

Мемлекеттік бюджет шығысы 98,6%, республикалық бюджет шығысы 99%, жергілікті бюджеттер шығысы 98,6% атқарылған. Республикалық бюджет шығысы 7 трлн теңгені құрады. Ал атқарылмаған сома – 72 миллиард теңге. Оның ішінде 16 миллиард теңге үнемделді. Игерілмегені – 55 млрд теңге.

Мемлекеттік бюджет шығысы 98,6%, республикалық бюджет шығысы 99%, жергілікті бюджеттер шығысы 98,6% атқарылған. Республикалық бюджет шығысы 7 трлн теңгені құрады. Ал атқарылмаған сома – 72 миллиард теңге. Оның ішінде 16 миллиард теңге үнемделді. Игерілмегені – 55 млрд теңге.

Мемлекеттік бюджет шығысы 98,6%, республикалық бюджет шығысы 99%, жергілікті бюджеттер шығысы 98,6% атқарылған. Республикалық бюджет шығысы 7 трлн теңгені құрады. Ал атқарылмаған сома – 72 миллиард теңге. Оның ішінде 16 миллиард теңге үнемделді. Игерілмегені – 55 млрд теңге.

Мемлекеттік бюджет шығысы 98,6%, республикалық бюджет шығысы 99%, жергілікті бюджеттер шығысы 98,6% атқарылған. Республикалық бюджет шығысы 7 трлн теңгені құрады. Ал атқарылмаған сома – 72 миллиард теңге. Оның ішінде 16 миллиард теңге үнемделді. Игерілмегені – 55 млрд теңге.

Қаржыны игере алмағандар бар



БЮДЖЕТ



Жағыпар ТАЖМАХАНОВ, қалалық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы:

## «Сахна сыртындағы мылтықсыз майданды көп адам біле бермейді»

Мәдениет және өнер қызметкерлерінің төл мерекесі қарсаңында қалалық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Жағыпар Тажмахановпен сұхбаттасқан едік.



– Жағыпар Айтбайұлы, Сыр бойы – төл өнердің туын тіккен қасиетті өңір. Өзіңіз бас шаһардың мәдениет бөлімінің тізгінін ұстағаныңызға да бір жыл болып қалды. Осы орайда қаланың мәдени өміріндегі жаңалықтарды айта кетсеңіз?

– Биылғы жылдың басты жаңалығының бірі қала әкімінің 2022 жылғы 26 желтоқсандағы №1509 қаулысы негізінде «Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қосып, жолымен Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының мәдениет және спорт бөлімі» болып қайта құрылуы.

Сонымен қатар Қызылорда қаласына қарасты Талсуат және Қарауылтөбе ауылдық округінде «Ауыл ел бесігі» бағдарламасы аясында типтік жобадарға 150 орындық ауылдық клуб ғимаратының құрылысы жүргізілді.

– Біздің өңір ана тілін ардақтайтын, салт-дәстүрін салмақтайтын мекен деп жиі айтылады. Осы бағыттағы сіздің пікіріңіз қандай?

– Бөлімнің негізгі міндеттерінің бірі – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, насихаттау және дамыту. Тілдерді дамыту мен қолданудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында бірқатар шаралар атқарылууда.

Қызылорда қаласында мемлекеттік тілдің мәртебесі жыл өткен сайын артып, мекемелерде іс-қағаз мемлекеттік тілде жүргізіліп келеді. Бөлім тарапынан қала әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемелердің құжат айналымының мемлекеттік тілде жүргізілуіне ай сайын тұрақты түрде зерделеу жүргізіледі. 2022 жылдың қорытындысы бойынша және 2023 жылдың I тоқсанында жүргізілген зерделеу барысында құжат айналымының мемлекеттік тілде қолданылуы толығымен 100 пайызға жеткен.

2022 жылы бөлім мамандарының қатысуымен қала көшелеріндегі сыртқы көрнекі ақпараттың орналасу заңдылығына мән беріліп, сауда орталығы мен дүкендердегі, дәмхана мен сәулік салондарындағы атаулардың, олардың кіреберісінде лінгвен жарнаманың заң талабына сай орындалуы қадағалау мақсатында мониторинг жүргізілді. Зерделеу барысында нысандар мен дәмханаларға, мекемелер мен кәсіп иелеріне маңдайша жазуларының, басқа да көрнекі ақпараттың мәтінін жазу және орналастырудың үлгісі тартылып, 278 нысанға түсіндірме жұмысы жүргізілді. 92 нысанның жарнамасы қайта өзгертіліп, кемшілік жойылды.

Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы мен «Қызылорда автобус паркі» ЖШС арасында мемлекеттік тілді кеңінен қолданудағы өзара іс-қимыл мен әріптестік жайлы үш жылдық меморандумға қол қойылды. Онда қалаішілік қоғамдық көлік қызметкерлерінің аялдаманы қазақ тілінде атауға, тәрбиелік мәні бар нақыл сөздің ілінуіне, қоғамдық көлікте ұлттық нақыштағы ән мен күй және «Қазақ радиосы» арнасынан берілетін хабар қойылып, ана тілдің мәртебесін арттыру мақсатындағы шара бекітілді. Бүгінде меморандумның орындалуы қадағалау мақсатында рейд жүргізілуде.

– Мәдениет пен өркениет егіз болғанымен, біреу өмір сүре алмайды деген пікір бар. Адамзат өркениетке қалам басқан сайын мәдениет жұтылады дейді. Шығармашылық адамы, мәдениет саласының маманы ретінде бұған не айтасыз? Жаһандану дәуіріне ұлттық құндылығымызбен бірге ерудің жолы қандай?

– Өркениетке қадам басқан сайын мәдениет жұтылады деген пікірмен келіспеймін. Жаһандану мәселесі көтерілген сайын ұлттық құндылықтарға, өнерге, мәдениетке, тілге аса ден қойылып келеді. Әлбетте, жыл өткен сайын мәдениеттің тамырын ұлттық құндылықпен байланыстырып, олардың шығу тегін зерттеуге деген қызығушылық артып келеді. Бұл бағытта, ұлттық бірегейлікті сақтап қалу үшін ең ұтымды жолы – жас ұрпақтың бойында ұлттық руханилықты дамыта отырып, мәдени-эстетикалық тәрбие беру мақсатында жұмыс жүргізілуде.

Ол үшін ұлттық мақтанштың кешегі тарихи тұғырларымен бірге бүгінгі тіректері де болуы шарт. Санамызды, мәдени келбетімізді қалыптастыруға тікелей әсер ететін көшеден, теледидардан күнделікті сан мың рет көретін өзге тілдердегі шетелдік жарнама, телехабар, фильм, жаналық әуелгі ұлттық келбетімізді өзгертуде. Десек те кейінгі жас буын, яғни, жаһандану дәуірі өкілдерінің адамзат мүддесін көздейтін мәдениетті қабылдамауы мүмкін емес. Біз осындай сындалып қозғалып ұстану арқылы мәдениеттің дұрыс бағытта дамуына ықпал ете аламыз. Өйткені өткен ғасырдың тыныс-тіршілігінен де, оның озық мәдениетінен де оқшауланбай, мұның бәрі заңды құбылыс екенін түсіне отырып, креативтік көзқараспен қоғам мүддесіне сай тұсын қабылдап, заманауи тұрғыда ұсынып келеміз.

– Ана тілімізді насихаттауда қандай жұмыстар қолға алынууда?

«Қазақ тіліне реформа, тіпті қажет десеңіздер, тілімізді жаңғырту қажет. Ғалымдарымыздың салмақты пікірін күтеміз. Тағы да қайталап айтамын, біз нақты қазақ тілін реформалаймыз. Мұндай ұлттық үшін тағдыршешті мәселеде науқандылыққа және жеңілеткікке жол беруге болмайды», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев. Қазіргі уақытта республика көлемінде 2023-2029 жылдарға арналған тіл саясаты тұжырымдамасы дайындалуда. Осы себепті латын әліпбиімен жұмыс жасау тоқтатылып, тіл саясаты жөнінде бекітілген тұжырымдама нұсқасы күтілуде. Жыл көлемінде мемлекеттік тілге байланысты мәдени шараларды жүргізуге 2 млн 458 мың теңге қаржы бөлінген.

Айта кету қажет, биылғы жылдан бастап облыстық қоғамдық даму басқармасы арқылы «Көптекі» жобасы іске асырылуда. Анығын айтқанда, қала аумағында орналасқан орта және шағын кәсіпкерлік нысандарындағы көрнекі ақпараттарының «Тіл туралы» Занының 21-бабына сәйкестігі зерделеніп, кемшілік анықталған нысан иелеріне түсіндіру жұмысын жүргізу мақсатында «Korneki» әлеуметтік жобасы іске қосылды.

Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының тапсырысы шеңберінде жыл соңына дейін 30 көшенің бойында орналасқан кәсіпкерлік нысанға мониторинг жұмысын жүргізу жоспарланған.

«Көрнекі» жобасының аясында құрылған мониторинг тобының құрамында Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасына қарасты Тілдерді дамыту және ономастика бөлімі, «Тілдерді оқыту орталығы» КММ, қалалық мәдениет және спорт бөлімінің мамандары және арнайы дайындықтан өткен «Таза тіл» еріктілер тобы бар. Рейд барысында көше бойындағы халыққа қызмет көрсету орындары, сауда орталығы мен басқа да жеке кәсіп нысанындағы жарнама мен көрнекі ақпараттағы тіл нормасының сақталуы, мемлекеттік тілдің қолданылуы зерделенеді.

Сәуір айының қорытындысына сәйкес 5 көше, 216 көрнекі ақпарат пен жарнама зерделеніп, 51 кемшілік анықталды. Анықталған кемшілік бойынша түсіндіру жұмысы жүргізіліп, кәсіпкерлерге әдістемелік көмек көрсетілді.

– «Сыр елі – жыр елі» екені белгілі. Талантты балаларға қандай қолдау көрсетіледі?

– Талантты, дарынды балалардың шығармашылығын дамыту үйірме жетекшілерінің тынымсыз еңбектеріне байланысты. Бұл ретте біздегі үйірме жетекшілерінің басым көпшілігі жастар және барлығы дерлік талантты өнерпаз, іскер ұйымдастырушы.

Жалпы, мәдениетке шын берілген адамдар ғана келеді. Шара кезінде сахнада жарқырап тұрғанымен, сахна сыртындағы мылтықсыз майданды көп адам біле бермейді. Білмеген соң сырт көзге бәрі оңай болып көрінуі мүмкін. Жұмысқа келген жас маманның қала мәдениетіндегі өріс ерекше. Саланың ыстық-суығына, қызығы мен шығығына тәзіп, аз айлықпен ұлтқа қызмет етіп жүрген қыз-жігіттердің ұжыммен, үйірме мүшелерімен жұмыс жасауына көңілді толады. Бүгінгі жас буында қала мәдениетінің болашағы деп сеніммен айта аламын.

– Мәдениет саласының қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайы қалай?

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған жолдауында мәдениет саласында жұмыс істейтін азаматтардың жалақысы 2021 жылдан бастап 2025 жылға дейін 100 пайызға жететіндігін айтқан еді.

Президент тапсырмасына сәйкес биыл мәдениет қызметкерлерінің жалақысы көбейіп, міндетті әлеуметтік жеңілдіктер берілетін болды. Өріне, бұл мәдениет саласына үлкен серпін болды, қызметкерлердің де көңіл-күйі көтеріліп, жұмысқа деген құлшынысы артқаны байқалды.

Сонымен қатар мәдениет саласының қызметкерлерінің әлеуметтік жағдайын арттыру мақсатында «Қалалық мәдениет үйлер, клубтар және халықтық ұжымдар» мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорнының 3 жас қызметкері бүгінде тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

– Мәдени ошақтар мен кітапхана, музей жұмысы туралы айта кетсеңіз?

– Қала бойынша 2 қалалық, 1 кенттік мәдениет үйлері және 1 қалалық, 1 кенттік клуб болса ауылдық округтерге қарасты 3 ауылдық мәдениет үйі мен 4 ауылдық клуб халыққа қызмет көрсетуде.

2023 жылдың 4 айында 204 мәдени-көпшілік іс-шара өткізіліп, оған 42597 көрермен тартылған. Оның ішінде онлайн форматта өткізілген мәдени іс-шара екеуді құраса, қаралым саны – 103.

Қалалық орталықтандырылған кітапхана жүйесіне қарасты 21 кітапхана бар. Оның ішінде 11-і қалалық, 2-і балалар кітапханасы, 8 – ауыл тұрғындарына қызмет көрсетуде.

Жыл басынан бастап 185 мәдени шара атқарылды. Оған 5547 адам қатысты.

Сонымен қатар Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Қызылорда қаласының тарихи музейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылды. 2020 жылдың 22 маусымында Қызылорда қаласының әкімдігінің қаулысымен, Қызылорда қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Қызылорда қаласының тарихи музейі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта құрылды.

Қазіргі таңда музей қорында 1000-ға жуық экспонат бар. Экспозицияда орналасқан – 796. Оның 287-і негізгі қор, 509 көмекші қор.

– Мерейлі мерекеге тілегіңіз?

– Барша мәдениет саласында жүрген әріптестерім мен ардагерлерді 21 мамыр – мәдениет және өнер қызметкерлерінің қасиетті мерекесімен құттықтаймын!

Өнер мен мәдениет – егіз ұғым, бұл бағыттағы әр қадам игілікті. Осы салада аянбай еңбек етіп, халықтың ыстық ықыласына бөленіп жүрген сала қызметкерлеріне алғысым шексіз.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан  
Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Сыр топырағында туып, өнерімен талайды мойындатқан талант иесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әнші-композитор Батырхан Шөкеновті еске алу шарасы өтті.

## ӨНЕР ӘЛЕМІНІҢ ШӨКЕНОВІ



консерваториясын бітірген. 1982 жылы «Арай» тобына кіреді.

Өнер әлемінің Шөкенові атанған Батыр ағамыз 1987 жылы «Алматы» тобын құрады. Кейіннен ол «Алматы-Студио» тобы болып қайта құрылды.

1989 жылы өзінің атакты «Джулия» деп аталатын туындысын жазды. Осы жылы «А-Студио» Алла Пугачеваның «Рождестволық кештер» ән кешіне қатысқаннан кейін ансамбль атағы бұрынғы Кеңес одағы аумағында танымал болды. Өнші 2002 жылы Қазақстанға оралып, өзінің алғашқы «Отан-Ана» атты жеке альбомын шығарды.

Батырхан Шөкенов Мемлекет басшысының мәдениет жөніндегі кеңесшісі болды. 2009 жылы ЮНИСЕФ ерікті елшісі, 2010 жылы Алматыдағы қайырымдылық балы комитетінің құрметті мүшесі болды.

Батырхан Шөкенов 53 жасқа қараған шағында Мәскеу қаласында жүрек талмасынан қайтыс болды. Марқұм Алматыда жерленді.

Айта кету керек, 2018 жылдың 18 мамырында Батырхандай өнерлі ұлының туған күніне орай Қызылордадағы саябаққа есімі беріліп, ескерткіш қойылған еді. Содан бері саябақ аумағында жаңадан ағаш отырғызылып, әсем гүлдермен көмкерілді. Бүгінде арнайы орнатылған дыбыс күшейткіш колонкаларда талантты жерлесіміздің әндері шырылғып, қала тұрғындарына мәдени демалыс сыйлап келеді.

А.НҰР



## ҒАСЫРЛАРҒА ЖЕТЕЛЕЙТІН РУХАНИЯТ ОРДАСЫ

18 мамыр – Халықаралық музейлер күніне орай, Қызылорда қаласының тарихи мұражайында тағылымды шара ұйымдастырылды.

Рухани кешке арнайы барған қала әкімінің орынбасары Жанмұрат Сейілов музей қызметкерлерінің төл мерекесімен құттықтап, бірқатар сала үздіктеріне қала әкімінің алғыс хатын табыс етті.

– Бүгінгі мереке баршамызға ұрпақтар сабақтастығын нығайта отырып, ұлттың тарихи және мәдени мұрасына терең құрметпен қарауды ұғындырады. Себебі мұнсыз кез келген қоғамның табысты дамуы мүмкін емес. Дәл осы мерейлі сәтте руханият ордасы – музейдің заман ағымына сай ілгерілеуіне күш салып, кәсіпкерлік қызметті гүмьрымен байланыстырған мамандарға шынайы алғысымды білдіремін, – деді қала әкімінің орынбасары.

Расында, мемлекеттің өткені мен бүгінгі тарихын жалғастыруда музей ісінің алатын орны ерекше. Бұл ретте ғасырлар қойнауынан сыр шертетін тарихи құндылықтарымызды, баға жетпес жәдігерлерімізді, мәдени ескерткіштерді көздің қарашығындай сақтап, асыл мұраларды ұрпаққа аманаттау жолында музей қызметкерлерінің ұлттық мәдениетіміздің өркендеуіне қосып жатқан үлестері өлшеусіз.

«Ақмешіт-ақпарат»





## АКАДЕМИК АТЫНДАҒЫ БАЙҚАУ

Асқар Жұмаділдаев атындағы жас математиктер арасындағы халықаралық байқауға еліміздің және көршілес Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан мемлекетінен келген 18 бен 28 жас аралығындағы 100 математик бақ сынады.

Байқаудың жалпы жүлде қоры – 3 млн 600 мың теңге. 1 орынға – 1 млн теңге, 2 орынға 500 мың теңге, 3 орынға 300 мың теңге, сондай-ақ белсенділік танытқан 10 қатысушыға 100 мың теңгеден ынталандыру сыйлығы табысталды.

Байқауға қатысушылар құрамын сапалы іріктеу мен тапсырмаларды әзірлеуге «Математика пәні мұғалімдерінің Қазақстандық қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігі атсалысты. Комиссия құрамына еліміздегі және көршілес елдердің ең мықты деген мамандары тартылды.

Халықаралық байқаудың салтанатты жабылу рәсімінде академик Асқар Жұмаділдаев пен Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Нұрмбет Сақтағанов сөз сөйлеп, барлық қатысушыларды құттықтап, ризашылықтарын білдірді.

Шара барысында дарындылар додасының жеңімпаздары марапатталып, арнайы диплом мен «Үздік математик» аталымы берілді.

Байқаудан бөлек академиктің Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде жас математиктерге арналған ғылыми тереңдетілген лекциясы өтті. Лекцияда ғалым күрделі есептердің шешілу жолы мен тәсілдерін айтты.

Сондай-ақ Асқар Жұмаділдаев ғылымды дамыту, жастардың ғылыммен айналысуына

қолдау көрсету мәселелеріне тоқталды. Ұлттық ғылым академиясының әлеуеті, ғалымдардың академияға жұмысқа орналасуы, тәжірибе алмасуы туралы сөз қозғалды.

Профессор Нағи Илиясов ауылына да арнайы ат басын бұрып, тыныс-тіршілігімен танысты. Онда өткен жылы салынған «Еңбекшілер» аллеясын және әлеуметтік нысандарды аралады. Сондай-ақ «Мағжан и Қ» ЖШС жұмысымен де танысты. Ауыл кітапханасына да барып, математика туралы кітаптардың сапасына мән берді. Бұған қоса ауыл ақсақалдарымен жолығып, тілдесті.

Одан бөлек физика-математика ғылымдарының докторы өңірде жүзеге асырылып жатқан «IT-Математика» жобасының жұмыстарымен танысты.

Жиын барысында қатысушыларға «IT-Математика» облыстық жобасы аясында мектеп оқушыларының шығармашылық көрмесі, мектеп мұғалімдерінің математика пәнін тереңдетіп оқыту және IT-технологиялар көмегімен оқыту бағыттары бойынша жасалып жатқан жұмыстары, университет ғалымдарымен бірлесіп дайындалған авторлық әзірлемелер мен оқушылардың ғылыми жобалары, математика пәнін оқытуда пайдаланып жатқан цифрлық білім беру ресурстары таныстырылды.

Сонымен қатар қатысушылар мен қонақтар мектептегі Асқар Жұмаділдаев атындағы арнайы кабинет, алгебра, геометрия, IT-математика және басқа да тереңдетіп оқытуға арналған бейінді кабинеттерді қамтитын блок жоспары мен дайындығын тамашалады.

А.НҮР

Кез келген бала ойыншық арқылы есейіп, ой-өрісін дамытады. Ата-аналар көп жағдайда ойыншықтың қауіпсіздігі мен сапасына баса мән бере бермей, баланың сұраған ойыншығын ойнабастан алып беріп жатады. Тіпті оның қауіпі туралы ойлана бермейді. Мамандар ойыншық сатып аларда оған жауапкершілікпен қарау керектігін айтуда.

Қазақстанда балалар ойыншықтарының сапасы мен қауіпсіздігі «Ойыншықтар қауіпсіздігі туралы» кедендік одақтық техникалық

сақтау мерзімі мен шарттары көрсетіледі. Яғни ойыншықтың қаптамасындағы жазулар өнім туралы толық ақпарат беруі тиіс.

Сонымен қатар ойыншықтың иісіне де мән беру маңызды, бұл арқылы оның сапасын жанама түрде анықтауға болады. Ойыншықтардың өткір, жағымсыз иісі болмауы керек және ойыншықтың боялған бетінің беріктігін тексеру керек. Ойыншықтар өндірісінде қолданылатын бояғыш заттар қауіпті, оның құрамына формальдегид, фенол,

Назар аударатын тағы бір жағдай, ойыншықтардың үшкір бұрыштары мен қысық шеттері болмауы тиіс. Себебі мұндай ойыншықтар баланың жарақаттануына әкеп соқтырады. Сондай-ақ ойыншықтың айрықша өткір, жарық түстілерін, қорқынышты құбыжық түрлерін алмауға тырысу қажет, ол баланың көру сезіміне және психологиясына теріс әсер беруі ықтимал.

Тағы бір маңызды нәрсе естеріңізде болсын, Қазақстанның сауда нүктелерінде сатылатын ойыншықтарда өндіруші мемлекетіне қарамастан, жүргізілген зерттеулерге негізделген сәйкестік сертификаты, яғни олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжатты болуы шарт. Сәйкестік сертификаттары бүкіл кеден одағында жарамды. Бірақ базарларда олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын ешбір құжатсыз саудалытын жағдайлар да жоқ емес, – дейді облыстың бас санитары.

Қызылорда облысының санитарлық-эпидемиологиялық бақылау қызметі аймақтағы сауда орындарындағы ойыншықтарға тұрақты түрде мониторинг жүргізіп отырады.

Өнімнің қауіпсіздігін мониторингілеу аясында 2022 жылы сауда орындарынан ойыншық өнімдерінің 70 сынағасы сатып алынып, зертханалық зерттеу жүргізілген. Мониторинг шеңберінде сараптама жүргізуге іріктен алынған өнімдердің басым үлесі, яғни 63 пайызы өзге елдерде өндірілген, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерде өндірілген өнімдер үлесі 36 пайыз.

Жүргізілген зертханалық сараптамалар нәтижесімен сатып алынған барлық өнімнің 28 үлгісі, яғни 40 пайызы техникалық регламенттердің талаптарына сай келмей шыққан. Талаптарға сай болмай шыққан өнімдердің екеуі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше елдерде өндірілген болса, 26 сәйкессіздік Қытай, Өзбекстан елдерінің өнімдері. Сараптама нәтижесімен қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша сәйкессіздік анықталған импорттық өнімдер туралы ақпарат комитетке тиісті елдердің өндірушілерін одан әрі хабарлау үшін жолданған.

А.БІРКЕНОВ



## БАЛАҒЫЗДЫҢ ОЙЫНШЫҒЫ ҚАУІПСІЗ БЕ?

регламенті бойынша реттеледі. Дәл осы құжат ойыншықтар сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін бірқатар талаптарды белгілейді. Ал азаматтар балаларға ойыншық сатып алуда неге назар аудару керектігі жайлы облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Динара Жаңабегенова айтты.

Ойыншықты таңдау кезде ең алдымен қаптамасына назар аударыңыз. Онда ойыншықтың атауы, өндіруші туралы ақпарат пен оның орналасқан жері, баланың жасы, техникалық регламентке сәйкестігі, тұтыну қасиеттері туралы деректер, өндірілген күні,

феноксил, метил, изобутират сынды басқа да заттар кіреді. Ойыншықтарда осы қауіпті заттардың деңгейі мөлшерден асып кетсе, бала өміріне үлкен қауіп төндіреді. Кішкентай балалар ең алдымен ойыншықтардың дөңіп татуға тырысады, нәтижесінде сапасыз ойыншық болса оның құрамындағы химиялық заттар ағзаға еніп, балалардың бүйрегі, бауыры, асқазаны, иммундық жүйесіне қауіп төндіреді, сондай-ақ әртүрлі аллергиялық әсері болуы мүмкін. Ойыншықтардың бояуы немесе лактың түскенін көрсеніз, алмағаныңыз жөн. Ондай ойыншықтар баланың сілекей және тыныс алу жолдары арқылы баланың ішкі ағзасына түседі, – дейді департамент басшысы.

Басы 1-бетте

## Бұл көше жаңа кейіпке енеді



Ал көшенің Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейінгі 1 шақырым аумағы 6 жолаққа кеңейтіліп, бір бөлігі тұрғындардың жазғы демалысына қолайлы скверге айналмақ. Соған сәйкес құрғақ субұрқақтар, балалар ойын алаңы салынып, орындықтар, жарық шамдары болады. Мұнда наурыз айынан бастап абағандыру жұмыстары жүргізілуде. Жобаны жүзеге асыруға 1 млрд 741 млн теңге қаржы бөлінген. Құрылысқа жауапты мекеме «Техоснатка-Ремсервис» ЖШС басшысы Ли Илларион жобаның қараша айында аяқталатынын айтады.

Бірқатар әлеуметтік нысандар орналасқан Бейбарыс сұлтан көшесінің бойындағы жасыл желек жайы тұрғындарды алаңдатқан еді. Тиісті сала басшылары көркейту қоғаландыру жұмыстары бұдан әрі жандана түсетінін айтады. Сондай-ақ бұған дейін егілген талдар кесілмей, сол қалпында қалады. Қазір қоғаландыру жұмысын жандандыру мақсатында көше бойына аяқсу жүргізіліп, ескі арық жолдары жаңартылуда.

Айта кетер жайт, көше бойында орналасқан облыс әкімдігінің алды жазғы демалыс аумағына айналады. Ол үшін әкімдік алдындағы қоршаулар түгел алынған еді. Ал алынған қоршаулар қазіргі таңда С.Шаухаманов атындағы білім-инновация лицейінің аумағына орнатылды.

Басы 1-бетте

А.ӘЛІМ

### ҚҰҚЫҚ ҚҰРЫҒЫ

#### Ішіп алып, көлік айдаған

Жергілікті полициялар рейд кезінде 1200 - ден аса құқық бұзушыны анықтады.

Қызылорда қаласында патрульдік полиция инспекторлары жол қауіпсіздігінің алдын алу және жол-көлік оқиғаларын болдырмау мақсатында өткізілген рейд барысында 1211 әкімшілік құқық бұзушылықты анықтады. Оның ішінде 3 жүргізуші мас күйінде көлік жүргізгені үшін ұсталды. Оларға мас күйінде көлік жүргізгені үшін әкімшілік хаттама толтырылып, материалдар сотқа жолданды.

Енді жүргізушілердің мас күйде автокөлік басқарғаны дәлелденсе басқару құқығынан айырылуы мүмкін. Қалада жүргізушілердің тәртіп бұзушылықтарының қатарында қауіпсіздік белдігін тақпаудың – 258 дерегі, автокөлікті жүргізу кезінде ұялы телефонды пайдаланудың – 46 дерегі, жаяу жүргіншілерге жол бермеудің – 69, жаяу жүргіншінің жол ережесін бұзыуының – 69 дерегі анықталған.

Полиция қызметкерлері жүргізушілерді және басқа да жол қозғалысына қатысушыларды жол қауіпсіздігін қатаң сақтауға шақырады. Жылдамдықты асырмауға және маневр жасау ережелерін бұзбауға, қарсы қозғалыс жолағына шықпауға, ең бастысы, мас күйде көлік басқармауға кеңес береді.

#### Аулада төбелескендер

13 мамыр таңғы сағат 7 шамасында полиция басқармасына қоғамдастық үй ауласында белгісіз адамдар қару қолданып, төбелесіп жатқандығы жайлы хабарлама түскен.

Жалдамалы пәтерде бір-бірімен сөзге келген таныс азаматтардың кейін пышақ және травматикалық қару қолданып, соңында оқиға орнынан жалтарғаны белгілі болды.



Жедел іздестіру барысында екі күдікті қала аумағында ұсталса, қалған екеуі автокөлікпен Самара-Шымкент тас жолында тұтқындалды. Қалған күдіктілерді анықтау жұмыстары да жүріп жатыр. Айыпталар Шымкент қаласының және Маңғыстау облысының тұрғындары екені белгілі болды.

Оқиға орнынан және де автокөліктен дәлелді заттар алынды. Екі адамға медициналық көмек көрсетілді.

#### Адам пышақтаған күдікті ұсталды

Қызылорда қалалық полиция басқармасының жедел «102» арнасына облыс орталығында орналасқан сауда орталығының алдында белгісіз тұлғаның бір азаматқа пышақ жаратқаны салып, оқиға орнынан бой тасалағандығы жөнінде хабарлама түскен.

Хабарлама бойынша дереу қала аумағында болған қылмыс туралы патрульдік полиция қызметкерлеріне бағыт-бағдар беріліп, жедел басқару орталығының бейнебақылау камераларының көмегімен қала көшелерінің бірінде күдікті азаматтың басқаруындағы автокөлік тоқтатылды. Автокөліктен айпақ заттар алынды. Күдікті қолінің мемлекеттік нөмірлерін алдын ала шешіп алған.

Күдікті ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамалмақ алынды.

Аталған дерек бойынша Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 106-бабының 1-бөлігімен, яғни денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде. Полициялер оқиғаның мән-жайын анықтап жатыр.

Айта кетейік, жыл басынан бері бейнебақылау камераларының көмегімен 49 қылмыс ашылды, 12775 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды.

#### Жолаушылар тыныштығын бұзғаны үшін айыппұл арқалады

Қызылорда облысының тұрғыны №33 «Алматы-Ақтөбе» бағытындағы жолаушылар пойызының бастығының әкімімен тиісті шара қолдану үшін пойыздан түсірілді. Аталған азамат жол жүру барысында ішімдік ішіп, қоғамдық орындағы тұн тыныштығын бұзған.

Аталған дерек бойынша Жосалы станциясындағы көлік полиция қызметкерлерімен әкімшілік құқық бұзушы азаматқа қатысты ҚР ӘҚБтК 440-бабының 1-бөлігі бойынша қоғамдық орында алкогольді ішімдік ішіп мас күйде жүргені үшін және ҚР ӘҚБтК 437-бабының 1-бөлігі бойынша түнгі уақытта тыныштықты бұзу әрекет жасағаны үшін 2 әкімшілік хаттама толтырып 10 АЕК көлемінде айыппұл салынды.

Әзірлеген Досжан ТАЛҒАТОВ  
Материалдар облыстық полиция департаменті мен қалалық полиция басқармасынан алынды

Енді бірер аптадан соң оқу жылы аяқталып, оқушылар жазғы демалысқа шығады. Бұл балалардың суға түсуге асығатын кезеңі. Осы орайда қалалық білім бөлімі мен Төтенше жағдайлар басқармасы «Су айдындарындағы қауіпсіздік» тақырыбында мектеп басшылары мен тәрбие орындаушыларына семинар өткізді.

## СУҒА КЕТУДЕН САҚТАН

Семинарға қалалық білім бөлімінің басшысы Ерлан Теңізбайұлы мен Төтенше жағдайлар басқармасының бастығы подполковник Жасұлан Түйменов қатысты.

Жиында мамандар су айдындарындағы қауіпсіздік, балалардың қауіпсіздігі, ата-аналармен және тиісті сала мамандарымен бірлесіп атқаратын жұмыстар туралы түсіндірілді. Сондай-ақ жаз мезгілінде балаларды үлкендермен қарауынсыз өзгенге, каналға жібермеу, балаларға су айдынындағы қауіпсіздік ережелерін үйрету қажеттілігі, балаларды қауіпті жағдайлардан қорғау керектігін айтты.

«Қызылорда қаласы Төтенше жағдайлар басқармасы ұжымының атынан сіздерден, барлық оқытушыларға күнделікті мектеп оқушыларына белгіленбеген аймақтарда суға шомылуға болмайтындығы жөнінде және судағы қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау туралы үнемі сабақ өткізуді және оқытушылар, WhatsApp немесе Instagram әлеуметтік желілері арқылы оқушылардың ата-аналарымен тікелей байланысып, балаларды қараусыз қалдырмау жөнінде түсіндіру бойынша тапсырма берулеріңізді сұраймыз, – деді басқарма басшысы.



Сонымен қатар «Суға шомылу ережелері» бұрышы ұйымдастырылып, құтқару ережесі мен алғашқы дәрігерлік көмек беру тәртібі туралы жедел құтқару жасағы мен «Апаттар медицинасы» орталығының мамандарының қатысуымен де түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Ақмешіт ақпарат»

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор  
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор  
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:  
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)  
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)  
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)  
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)  
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдан 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі №17657-Г.  
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ-4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.  
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіні, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонна хабарласуға болады.  
Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2959

Тапсырыс №792

Нөмірдің кезекші редакторы Айдана СЕЙІП